

Жамбыл қаласында көп салалы коммерциялық орталық салу туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 18 қазан 1993 ж. N 1026

Байланыс пен коммуникацияның халықаралық және ішкі құралдарын қоса республиканың нарықтық инфрақұрылымын одан әрі дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігі мен Жамбыл облысы әкімінің Жамбыл қаласында сан алуан қызмет атқаратын коммерциялық орталық (орталықтар) салу туралы ұсынысы қабылдансын.

2. Жамбыл облысының әкімі аталған объектіге жер участкесі бөлінуін және оны салу мен пайдалануға беру үшін ұйымдастыру шараларының жүзеге асырылуын қамтамасыз етсін.

3. Құрылышты жобалауды, ұйымдастыруды және қаржыландыруды өзін өзі өтеу принципімен "Лакмэн Марукки Интернэшил Корпорейшн" (АҚШ) халықаралық корпорациясының қамтамасыз ететін еске алынсын.

4. Қазақстан Республикасының Байланыс министрлігі объекті құрылышын қамтамасыз етуге қажетті тиісті рұқсаттар мен техникалық құжаттаманы алуда Жамбыл облысының әкіміне жәрдемдесетін болсын.

5. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі объекті

құрылышына қажетті қаржы операцияларын жүргізуде Жамбыл облысының әкіміне жәрдемдессін.

6. Қазақстан Республикасының министрліктері мен ведомстволары Жамбыл қаласында көп салалы коммерциялық орталықты салу мен пайдалануға беру жөнінде Жамбыл облысының әкіміне жәрдем көрсетсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК